

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ислам Даму Банкінің арасында "Бурабай-Көкшетау-Петропавл" автожолының техника-экономикалық негіздемесін және алдын ала жобасын дайындау бойынша техникалық көмек (грант) туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 6 маусым N 610

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ислам Даму Банкінің арасында "Бурабай-Көкшетау-Петропавл" автожолының техника-экономикалық негіздемесін және алдын ала жобасын дайындау бойынша техникалық көмек (грант) туралы келісімнің ж о б а с ы м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі Болат Бидахметұлы Жәмішевке Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ислам Даму Банкінің арасында "Бурабай-Көкшетау-Петропавл" автожолының техника-экономикалық негіздемесін және алдын ала жобасын дайындау бойынша техникалық көмек (грант) туралы келісімге қол қоюға уәкілеттік берілсін.

3. "Бурабай-Көкшетау-Петропавл" автожолының техника-экономикалық негіздемесін және алдын ала жобасын дайындауды қоса қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне 2002 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және басқа да күтпеген шығыстарға арнап көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 8 843 120 (сегіз миллион сегіз жүз қырық үш мың бір жүз ж и ы р м а) т е ң г е б ө л і н с і н .

4. "Қазақстан Республикасының 2000-2002 жылдарға арналған Мемлекеттік инвестицияларының бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 желтоқсандағы N 1963

P001963_

қаулысына
(Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 56, 631-құжат) мынадай толықтыру мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2000-2002 жылдарға арналған Мемлекеттік инвестицияларының бағдарламасына 2-қосымшада: "Көлік және байланыс" салалық секторында:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 56-1-жолмен толықтырылсын:

1 !	2	!	3			
56-1	"Бурабай-Көкшетау-Петропавл"			Көлік және коммуникациялар		
	автожолының ТЭН және алдын ала			министрлігі		
	жобасын дайындау					
4 !	5	!	6	!	7	
2002	Барлығы		0,29			
	ИДБ гранты		0,23			
	республикалық бюджет		0,06			
8	!	9	!	10	!	11
			0,29			
			0,23			
			0,06			

жиынтық бөлімде:

"Барлығы" деген жолда:

6-бағанда "2525,34" деген сан "2525,63" деген санмен ауыстырылсын;

10-бағанда "266,51" деген сан "266,8" деген санмен ауыстырылсын;

"Сыртқы көздерден барлығы" деген жолда:

6-бағанда "2063,71" деген сан "2063,94" деген санмен ауыстырылсын;

10-бағанда "210,91" деген сан "211,14" деген санмен ауыстырылсын;

"гранттар" деген жолда:

6-бағанда "186,57" деген сан "186,8" деген санмен ауыстырылсын;

10-бағанда "36,83" деген сан "37,06" деген санмен ауыстырылсын;

"Ішкі көздерден барлығы" деген жолда:

6-бағанда "461,63" деген сан "461,69" деген санмен ауыстырылсын;

10-бағанда "55,60" деген сан "55,66" деген санмен ауыстырылсын;

"республикалық бюджет" деген жолда:

6-бағанда "455,77" деген сан "455,83" деген санмен ауыстырылсын;

10-бағанда "52,60" деген сан "52,66" деген санмен ауыстырылсын.

5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі

тартылатын грант қаражатының мақсатты және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

"Бурабай-Көкшетау-Петропавл"

автожолының

техника-экономикалық

негіздемесін

және

алдын ала жобасын

дайындау жөніндегі

Қазақстан Республикасы

Үкіметі

мен

Ислам Даму Банкінің

арасындағы

техникалық көмек (грант) туралы

келісім

ТЕХНИКАЛЫҚ КӨМЕК (ГРАНТ) ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

Келісім Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі "Үкіметі" деп аталады) мен Ислам Даму Банкі (бұдан әрі "Банк" деп аталады) арасында 2002 жылғы _____

ж а с а л д ы .

Осы Келісімнің 1-қосымшасында сипатталған Бурабай-Көкшетау-Петропавл

автожолының Техника-экономикалық негіздемесін және Алдын ала жобасын дайындауды қаржыландыру үшін Үкімет Банктен Техникалық көмек сұрағанын ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, (бұдан әрі "Зерттеулер" деп аталады);

Төменде анықталған шарттардың негізінде Банктің Техникалық көмек беруге келіскенін ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП;

ОСЫЛАЙША, осымен тараптар төмендегілер туралы уағдаласты:

ГРАНТТЫҢ СОМАСЫ

Банк Үкіметке Банктің Уакф қоры қаражатынан Техникалық көмек грантын 182756 (Жүз сексен екі мың жеті жүз елу алты) Ислам динарынан аспайтын, шамамен 232100 (Екі жүз отыз екі мың бір жүз) АҚШ долларына тең сомада береді.

2-БАП

ГРАНТ ҚАРАЖАТЫН ТӨЛЕУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ

2.01-бөлім

Грант сомасы Банктің Төлем рәсімдеріне сәйкес төленетін болады.

2.02-бөлім

Грант қаражаты тек Зерттеулердің құнын жабу үшін пайдаланылатын болады.

2.03-бөлім. Бірінші төлеуге арналған өтінімнің күні

Егер Үкімет пен Банк арасында келісілген 2002 жылғы 31 желтоқсанға дейін немесе одан кейінгі мерзімде Үкімет Банкке бірінші төлем жасауға арналған өтінімді бермесе, Банк Үкіметке тиісті хабарламаны бергеннен кейін осы Келісімді бұза алады.

2.04-бөлім. Жабу күні

Егер Гранттың кез келген бөлігі Үкімет пен Банктің арасында келісілген 2004 жылғы 31 желтоқсанға дейін немесе кез келген одан кейінгі кезеңде төленбесе, Банк Үкіметпен консультациялар жүргізгеннен кейін Гранттың төленбеген бөлігін жоя алады.

3-БАП

ЗЕРТТЕУЛЕР ЖҮРГІЗУ

3.01-бөлім

Зерттеулер үшін атқарушы агенттік Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі болып табылады.

3.02-бөлім

Зерттеулер жүргізуде Үкіметке жәрдемдесу мақсатында Үкімет Банкпен

консультациялар жүргізу жолымен Банктің рәсімдеріне сәйкес іріктеу жүргізеді және консультациялық қызметтерге келісім-шарт жасасады.

3.03-бөлім

Консультант ұсыныстар беруге Консультанттар шақырылғанға дейін Үкімет пен Банк арасында жазбаша түрде келісілуі мүмкін осындай Техникалық ұсынысты алады. Техникалық тапсырма Үкімет пен Банк арасындағы жазбаша келісу жолымен жетілдірілуі мүмкін.

3.04-бөлім

Үкімет Банкпен бірлесіп іріктелген консультантпен нәтижесі Үкіметпен және Банкпен түпкілікті келісудің мәні болып табылатын келіссөздер жүргізеді.

4-БАП

ҮКІМЕТТІҢ МІНДЕТТЕРІ

4.01-бөлім

Үкімет тиісті қаржылық және әкімшілік практикаларға сәйкес

Зерттеулердің уақтылы және тиімді өтуін қамтамасыз ету үшін Банкпен және Консультантпен ынтымақтасады және бұл үшін, егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін болса, Зерттеулерге қатысты барлық бар ақпаратты консультантқа беретін болады.

4.02-бөлім

Зерттеулер үшін Үкімет жұмыстарды жүргізу үшін талап етілетін және Техникалық тапсырмада толығырақ көрсетілетін персоналды, жабдықтарды немесе басқа да қызметтерді немесе ыңғайлы жағдайларды консультантқа өтеусіз ұсынады.

4.03-бөлім

Үкімет Зерттеулерді жүргізу кезінде жәрдемдесу және консультантпен ынтымақтасу үшін толық жұмыс күніне білікті жергілікті қосымша персоналды ұсынады.

4.04-бөлім

Үкімет жергілікті валютада Зерттеулердің құнын жабу үшін қажетті қаражат көздейді, сондай-ақ оларды жүргізу кезінде туындауы мүмкін құнның кез келген асып түсіні қаржыландыратын болады.

4 . 0 5 - б ө л і м

Үкімет Консультантқа Банк негізді түрде сұрауы мүмкін мөлшерде және нысанда есептер мен жобаларды, жоспарларды, сызбаларды, ерекшеліктерді, жұмыс кестелерін және шығыстар сметаларын қоса алғанда, Зерттеулер мақсатында Консультант дайындаған құжаттардың көшірмелерін, сондай-ақ басқа елеулі ақпаратты Банкке ұсынуды тапсырады.

4 . 0 6 - б ө л і м

Үкімет өз құзыреті шеңберінде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банктің тіркелген өкілдерінің Зерттеулерді жүргізуге байланысты барлық жерге және үй-жайларға еркін кіруін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қолға алады.

4 . 0 7 - б ө л і м

Үкімет Грант қаражатын пайдалануды және Зерттеулерді жүргізу барысын көрсету үшін (олардың құнын қоса алғанда) жеткілікті жағдайда есептер мен жазбаларды жүргізетін болады немесе жүргізуді тапсырады.

4 . 0 8 - б ө л і м

Үкімет жұмыс барысының толықтығын, кездесетін проблемаларды, қабылданған іс-қимылдарды және мезгіл-мезгіл Банк сұрауы мүмкін мән-жайларды көрсете отырып, тоқсан сайынғы есептерді Банкке беретін болады.

4 . 0 9 - б ө л і м

Консультанттың Түпкілікті есебі ұсынылған сәттен бастап 90 (тоқсан) күн ішінде Үкімет Банкке осы Келісімге сәйкес Банк ұсынған және оның нәтижесінде Зерттеулердің міндеттеріне қол жеткізілген Техникалық көмектің нәтижелерін бағалау жөніндегі есепті береді.

4 . 1 0 - б ө л і м

Үкімет Зерттеулердің мақсаттарына қол жеткізуге, оларға байланысты қызметтерге және осы Келісім бойынша міндеттемелердің орындалуына ықпал ететін немесе ықпал ету қаупі бар кез келген жағдайлар туралы Банкті уақтылы хабардар етеді.

4 . 1 1 - б ө л і м

(а) Консультанттың сыйақысына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық салынатын болады.

Кез келген салықты және баждарды грант қаражатынан төлеу мүмкін емес, Қазақстан тарапынан Техникалық көмек жобасын бірге қаржыландырылатын сомасы шегінде Үкімет қаржыландырады.

(б) Үкімет өзінің қаржылық ұсынысын бергенге дейін Үкімет салатын барлық салықтар мен баждар туралы Консультантты хабардар етуге міндеттенеді.

4 . 1 2 - б ө л і м

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Үкімет:

(а) Зерттеулер жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін және осындай аумаққа әкелінгеннен кейін, кейіннен ол жерден әкетілетін кез келген жабдықтарды, материалдарды немесе керек-жарақтарды салықтардан, кедендік және басқа да баждардан босату;

(б) Зерттеулер және Консультант пен оның персоналының жеке қажеттілігі үшін қажетті кез келген жабдықтарды, материалдар мен керек-жарақтарды уақтылы кедендік ресімдеу. Атқарушы агенттік барлық ресми кедендік талаптарды уақтылы шешуде жәрдем көрсетеді.

(в) Консультантты және оның персоналын олардың Қазақстанда жүруі үшін талап етілетін қажетті кіру және шығу визаларының, уақытша тұру рұқсатының, шетел валютасына рұқсат пен жол жүру құжаттарының уақтылы ұсынылуын қамтамасыз ету; және

(г) Зерттеулер жүргізу үшін барлық қажетті рұқсат пен сенімхаттарды бөлу жөніндегі шараларды қолға алады.

5-БАП

ЕСЕП БЕРУШІЛІК ЖӘНЕ БАСҚАЛАР

5.01-бөлім

Үкімет пен Банк мезгіл-мезгіл, тараптардың қандай да бірінің сұрауы бойынша Техникалық Көмек жөнінде пікір алысатын және Консультант дайындаған кез келген есеп бойынша және осы есептерде ұсынылған кез келген ұсынымдарды іске асыру бойынша консультация алатын болады.

5.02-бөлім

Банк Консультант дайындаған кез келген есепті Банк қажет деп есептейтін кез келген мақсатқа пайдалана алады, бірақ, егер ол Үкімет пен Банктің арасында өзгеше келісілмесе, осы есептер жарияланбайды.

5.03-бөлім

Осы Келісімге сәйкес Банктің жәрдемдесу шарттары Консультанттың кез келген ұсынымдарын іске асыруға қатысты Банкті Үкіметке қаржылай немесе одан әрі техникалық жәрдемдесуді жалғастыруға міндеттемейді.

6-БАП ҮЙЛЕСТІРУ

Үкімет осымен Консультантпен және Банкпен жұмыс істеу үшін Көлік және коммуникациялар министрін тағайындайды, сондай-ақ осы Келісіммен Үкіметке жүктелген міндеттемелерді орындау үшін тікелей жауапты тұлға етіп тағайындайды.

7-БАП ХАБАРЛАМА

Бір тараптың екінші тарапқа кез келген жазбаша хабарламасы, егер ол қолдан қолға немесе телефон желісі, почта немесе телекс бойынша мына мекен-жайлардың біреуі бойынша жіберілсе, онда ол тиісті түрде ұсынылды деп саналатын болады:

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін:

Көлік және коммуникациялар министрлігі
Автомобиль жолдары комитеті

Ислам Даму Банкі үшін
P.O. Box 5925
Jeddah 21432
Kingdom of Saudi Arabia

Телефон және радиограмма үшін қосымша мекен-жай:

Cable: BANKISLAMI JEDDAN

Telex: 6001137 ISDB SJ

Fax: 6366871 JEDDAN

8-БАП

Келісім Қазақстан Республикасының Үкіметі қажетті мемлекетшілік рәсімдерді орындаған күннен бастап күшіне енеді.

ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАНДАРДЫ РАСТАЙ ОТЫРЫП, тараптардың уәкілетті өкілдері

осы Келісімге ағылшын тіліндегі екі түпнұсқа данада оның Кіріспесінде көрсетілген күні қол қойды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін және атынан

Қазақстан Республикасы атынан ИДБ басқарушысы - Қазақстан

Республикасының Қаржы вице-министрі

Жәмішев Болат Бидахметұлы

Ислам Даму Банкі үшін және атынан

Қосымша

ЗЕРТТЕУЛЕРДІ СИПАТТАУ

Техникалық көмектің (ТК) мақсаты - Техника-экономикалық негіздемені және асфальт жамылғысы бар, жүретін бөлігінің ені 15 м және есептік жылдамдығы 120 км/сағ. екі жолақтан тұратын Бурабай-Көкшетау-Петропавл автомобиль жолының алдын ала жобасын дайындау. ТК Жолшы-инженерлерден, Жасанды құрылыс жөніндегі инженерден, Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі маманнан, Геотехник-инженерден және Жолшы-экономистен тұратын мамандар тобының Техникалық-экономикалық негіздемені және алдын ала жобаны дайындауын қамтиды. Зерттеу оңтайлы жолдың траекториясын/орналасуын, шығыстардың бастапқы сметасын анықтауды және

егжей-тегжейлі жобаны әзірлеу талап етілетін учаскелерді анықтауды қамтиды. Алдын ала жоба жолдың қазіргі жағдайын және ұсынылып отырған өзгерістерін көрсететін желілік диаграмманы; кез келген жаңа немесе қалпына келтірілген жасанды құрылыстардың тұжырымдамалық жобалық шешімдерін; су жіберетін құбырлар бойынша тұжырымдамалық жобалық шешімдерді; егжей-тегжейлі жобалаудағы және құрылыс жұмыстарындағы басымдықтарды анықтау үшін іс-қимыл жоспарын

қамтитын болады.

ТК жалпы құны - 289300 АҚШ долларынан аспайды. ИДБ Уакф қоры қаражатынан жоғарыда көрсетілген шетел валютасында құрамдас бөлігін қаржыландыруды өтеу үшін 182756.00 Ислам динары (шамамен 232100 АҚШ доллары) сомасында ТК (Грант) беруді ұсынады. Қазақстанның Үкіметі ТК жалпы сомасының 20% құрайтын қалған 57200 АҚШ долларын қаржыландырады.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.